

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 230 қаулысы ;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1210 қаулысы .

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 7 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 4 0 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган;

күтпеген шығындар - заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға қаражат бөлуді қоспағанда, оларды болжауға болмағандықтан ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеген кезде жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылында дереу қаржыландыруды талап ететін шығындар;

Қазақстан Республикасының ресми ізгілік көмегі - басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында Қазақстан Республикасы өтеусіз көрсететін көмек.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервінің қатаң нысаналы мақсаты бар және осы Ережеде және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтен ақша бөлу туралы шешімінде көзделмеген мұқтаждарға пайдаланылмайды.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы шешімін дайындау:

1) ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде осы мақсаттарға арналған ақша болмаған;

2) сот шешімдері бойынша тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеу жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервінің ақшасын қажетсіну ағымдағы қаржы жылында туындаған және оларға қажеттілік бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бұрынғы міндеттемелеріне байланысы жоқ болған;

3) Қазақстан Республикасы ресми ізгілік көмек көрсетуге төтенше резервті пайдаланған жағдайда Комиссияның оң ұсынымы болған жағдайларда жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервінен бөлінген ақша қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған

немесе ішінара пайдаланылған жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімшісі бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігінің тиісті бюджетке ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін қайтарылуын қамтамасыз етеді.

2. Төтенше резервті табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға пайдалану тәртібі

5. Қазақстан Республикасының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы өтініштерді төтенше жағдайлар жөніндегі орталық уәкілетті орган қарайды. Бұл ретте туындаған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың өңірлік немесе жаһандық ауқымы б о л у ы т и і с .

6. Жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда тиісті жергілікті атқарушы органның резервінен ақша бөлу туралы өтініштерді төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) уәкілетті орган немесе аудандық (қалалық) қаржы бөлімі қарайды.

7. Негіздеуші материалдарды ұсыну тәртібін және олардың тізбесін төтенше жағдайлар жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Бұзылған объектілерді салуға немесе күрделі жөндеуге төтенше резервтен ақша бөлінген жағдайда құжаттардың құрамында құрылыс жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы да табыс етіледі.

8. Өңірлік және жаһандық ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар жөніндегі орталық уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға ақша бөлу туралы шешімнің жобасын енгізеді.

9. Жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) уәкілетті орган немесе аудандық (қалалық) қаржы бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органға табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға ақша бөлу туралы шешімнің жобасын енгізеді.

10. Төтенше резервтің ақшасы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларға жұмсалады.

3. Төтенше резервті Қазақстан Республикасының ресми ізгілік көмек көрсетуіне пайдалану тәртібі

11. Басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында тиісті орталық мемлекеттік орган Комиссияның ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасының ресми ізгілік көмек көрсетуіне арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын әзірлейді және заңнамада белгіленген тәртіппен оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

12. Қазақстан Республикасы ресми ізгілік көмекті ақшалай немесе тауар нысанында көрсетеді.

13. Қазақстан Республикасы ресми ізгілік көмекті ақшалай нысанда көрсеткен жағдайда ақша қаражатын аудару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алушы ел шот деректемелерін ресми ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

14. Қазақстан Республикасының тауар нысанында ресми ізгілік көмек көрсетуі үшін ұсынылған тауарлардың құнын өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде төтенше резервтен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін шұғыл шығындарға пайдалану тәртібі

15. Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен өзге де күтпеген шығындарға ақша бөлу жағдайлары туындаған кезде тиісті мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге ақша бөлу туралы өтініш береді, соңғылары болмаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган өтінішті қарамай қайтарады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

16. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган берілген өтініш негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінде көзделген шекте шұғыл шығындарға ақша бөлудің мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

17. Мемлекеттік органның өтінішіне оң қорытынды берілген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның резервінен шұғыл шығындарға ақша бөлу туралы шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен осы мемлекеттік орган дайындайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті

жергілікті атқарушы органның резервінен шұғыл шығындарға ақша бөлу туралы шешімінің жобасына осы мемлекеттік орган ақша бөлу туралы оң қорытындының көшірмесін қоса береді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

18. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.28. N 401 қаулысымен.

5. Резервті сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындауға пайдалану тәртібі

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

19. Сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін орындау сот атқару құжаттары болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен қамтамасыз етіледі.

Сот шешімдері бойынша төлемдерді жүргізуге міндетті орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары және аумақтық бөлімшелері қолданыстағы заңнамада көзделген негіздемелер болған жағдайда көрсетілген шешімдерге барлық сот инстанцияларында шағымдануы тиіс.

Орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары және аумақтық бөлімшелері өздерінің құқыққа сай емес қабылданған кесімдері, сондай-ақ әкімшілік басқару саласындағы өздерінің лауазымды тұлғаларының құқыққа сай емес іс-әрекеттері үшін оларды ұстауға бөлінген ақшамен жауап береді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

20. Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелерін орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган дайындайды.

21. Орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті орталық мемлекеттік о р г а н д а й ы н д а й д ы .

Бұл ретте орталық мемлекеттік орган осы Ереженің 19-тармағының сақталғанын растайтын материалдардың көшірмелерін орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің

резервінен ақша бөлу туралы шешімнің жобасымен қоса береді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

6. Резервін сот шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындауға пайдалану тәртібі

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

22. Сот шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау сот атқару құжаттары болған жағдайда сот шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға арналған облыстық немесе аудандық деңгейдегі атқарушы органдардың резервтерінен қамтамасыз етіледі.

Сот шешімдері бойынша тиісті төлемдерді жүргізуге міндетті жергілікті атқарушы органдар қолданыстағы заңнамада көзделген негіздемелер болған жағдайда көрсетілген шешімдерге барлық сот инстанцияларында шағымдануы т и і с .

Жергілікті атқарушы органдар өздерінің құқыққа сай емес қабылданған кесімдері, сондай-ақ әкімшілік басқару саласындағы өздерінің лауазымды тұлғаларының құқыққа сай емес іс-әрекеттері үшін оларды ұстауға бөлінген а қ ш а м е н ж а у а п б е р е д і .

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қ а у л ы с ы м е н .

23. Сот шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға арналған облыстық немесе аудандық деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы тиісті жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті атқарушы о р г а н д а й ы н д а й д ы .

Бұл ретте мүдделі жергілікті атқарушы органдар осы Ереженің 22-тармағының сақталғанын растайтын материалдардың көшірмелерін сот шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға арналған облыстық немесе аудандық деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы шешімнің жобасына қоса береді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ол ағымдағы қаржы жылында болжанған жағдайда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резервін пайдалану тәртібі

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

24. Облыстық бюджетте, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінде ағымдағы қаржы жылында қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оларға кредит беру үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв көзделеді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

25. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ол ағымдағы қаржы жылында болжанған жағдайда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резервінен ақша бөлу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы өтініш береді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

26. Берілген өтініш негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің осыған ұқсас мәселелер бойынша бұрын қабылдаған шешімдерін және облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне бұрын берілген кредиттер туралы деректерге негізделе отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ол ағымдағы қаржы жылында болжанған жағдайда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ақша бөлу мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы қ о р ы т ы н д ы б е р е д і .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ол ағымдағы қаржы жылында болжанған жағдайда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резервінен ақша б ө л у ү ш і н :

1) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне кредит беру үшін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген сомалардың болуы;

2) бөлінетін ақшаның белгілі бір есепті кезеңде мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген және облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне ағымдағы түсімдермен және облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің тапшылығын қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген облыстық бюджеттердің,

республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің шығыстарын қаржыландыруға бағытталуы;

3) жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша берешегінің болмауы міндетті шарттар болып табылады;

4) бөлінетін кредит сомасы жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті қаржы жылына белгілеген борыш лимитінің асып түсуіне әкеп соқпауы тиіс.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ол ағымдағы қаржы жылында болжанған жағдайда облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резервінен бюджеттік кредит беру қаржы жылы шегіндегі алты айға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады және республикалық бюджеттің нақтылануын талап етпейді.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

28. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің өтініші бойынша оң қорытынды берілген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің ол ағымдағы қаржы жылында болжанған жағдайда облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резервінен ақша бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімнің жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

8. Ағымдағы қаржы жылында аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оны жабуға облыстық деңгейдегі атқарушы органдардың резервін пайдалану тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

29. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерінде ағымдағы қаржы жылында олардың бюджеттерінде қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оларға кредит беру үшін облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв көзделеді.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

30. Ағымдағы қаржы жылында аудандар (облыстық маңызы бар қалалар)

бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оны жабуға арналған облыстық деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу үшін аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге облыстық деңгейдегі атқарушы органның резервінен ақша бөлу туралы өтініш береді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

31. Берілген өтініш негізінде, сондай-ақ облыс әкімдігінің осыған ұқсас мәселелер бойынша бұрын қабылдаған шешімдерін және төмен тұрған бюджеттерге бұрын берілген кредиттер туралы деректерге негізделе отырып, бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті орган ол ағымдағы қаржы жылында болжанған жағдайда аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған облыстық деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің кассалық алшақтығын жабуға облыстың жергілікті атқарушы органының резервінен ақша бөлу үшін :

1) аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне кредит беру үшін ағымдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджетте көзделген сомалардың болуы ;

2) бөлінетін ақшаның белгілі бір есепті кезеңде мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы түсімдермен және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің тапшылығын қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің шығыстарын қаржыландыруға бағытталуы ;

3) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының облыстық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша берешегінің болмауы міндетті шарттар болып табылады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

32. Ағымдағы қаржы жылында аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оны жабуға арналған облыстық деңгейдегі атқарушы органдардың резервінен бюджеттік кредит беру қаржы жылы шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады және жергілікті бюджеттерді нақтылауды талап етпейді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42

қ а у л ы с ы м е н .

33. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің өтініші бойынша оң қорытынды берілген кезде ағымдағы қаржы жылында аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда оны жабуға арналған облыстық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы шешімнің жобасын бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті орган облыс әкімдігінің қарауына енгізеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

9. Бақылау және есептілік

34. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бөлінген ақшаны алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде олардың пайдаланылуы, көлемі және орындалған жұмыстардың құны туралы есеп беруі тиіс.

35. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің ақшасын пайдалану және оның тиісті кезеңдегі қалдықтары туралы ақпарат ұ с ы н а д ы .

36. Сыртқы саяси қызмет жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға Қазақстан Республикасы көрсеткен ресми ізгілік көмекті алушы елдің алғаны туралы тиісті ақпаратты ұсынады.

37. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган ай сайын жергілікті атқарушы органға жергілікті атқарушы органның резерві ақшасының пайдаланылуы және оның тиісті кезеңдегі қалдықтары туралы ақпарат ұсынады.

38. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервтерінің бөлінетін ақшасын мақсатсыз және тиімсіз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша алған бюджеттік бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жауапкершілікке т а р т ы л а д ы .

Ескерту. 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

39. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.22. N 42 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК